

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Антоновка ауылдық округінің Антоновка ауылының көшелерін қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 26 сәуірде № 7336 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып облыстық ономастикалық комиссияның 2020 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Антоновка ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Антонов ауылдық округі Антоновка ауылының:

Советский көшесі - Абай көшесі;

Калинин көшесі - Шоқан Уәлиханов көшесі;

Ленин көшесі - Ақан сері көшесіне;

Совхозная көшесі - Шалқар көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д. Амрин